

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

жұмыс. Бұл 2020 жылдан бері дамып келе жатқан жағдай, онда ірі фирмалардың тек 2% - ы машиналық оқытуды немесе жасанды интеллектті енгізген. жасанды интеллектті енгізу жұмыс күшінің жетіспеушілігін шешу, көп еңбекті қажет ететін тапсырмаларды автоматтандыру және неғұрлым түсінікті деректерді ұсыну үшін сыналуда. Транзакциялық жұмыс автоматтандырыла бастаған сайын, бухгалтерлер өз тәжірибелерін жаңа технологиялардан алынған ақпарат пен деректерге қолдану және бизнес стратегиясында көбірек рөл атқару үшін әртүрлі дағдыларды дамытуы керек. Бұлқа негізделген бухгалтерлік бағдарламалық қамтамасыз ету, бюджеттеу, болжау, деректерді талдау және визуализация құралдары бухгалтерлік есепті автоматтандырудың кейбір негіздерін құруда[1].

Қорытындылай келе, бухгалтерлік есеп пен қаржы процестерін автоматтандыру ұйымға тиімділікті арттыру, дәлдікті арттыру және қаржылық шешімдер қабылдауды жақсарту сияқты көптеген артықшылықтар әкелуі мүмкін. Дегенмен, автоматтандыруды енгізу кейбір қиындықтарды тудырады, мысалы, орнатуға байланысты шығындар, деректерді тасымалдау және автоматтандырылған жүйелердің күрделілігі. Бухгалтерлік есеп пен қаржы саласында автоматтандырудың сәтті жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін мұқият жоспарлау және бюджеттеу қажет. Бухгалтерияда заманауи технологияларды қолдану кәсіпорынның тиімділігін арттыруға ықпал етеді және қаржылық операцияларды дәлірек және уақтылы есепке алуды қамтамасыз етеді. Бухгалтерлік есептегі автоматтандыру проблемалары көбінесе техникалық ақаулармен, жаңа жүйелерді енгізудің күрделілігімен, сондай-ақ бағдарламалық жасақтаманы үнемі жаңартып отыру қажеттілігімен байланысты. Алайда, бұл мәселелерді шешу автоматтандырылған жүйелерді енгізуге дұрыс көзқарас болған жағдайда мүмкін болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Сейдахметова Ф.С. Современный бухгалтерский учет: Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2015. – 336 с.
2. Жарикова Л.А., Наумова Н.В. Бухгалтерский учёт в зарубежных странах : учебное пособие / Л.А. Жарикова, Н.В. Наумова. – Тамбов : Издво Тамб. гос. техн. ун-та, 2008. – 160 с. – 100 экз. – ISBN 978-5-8265-0758-2.
3. Яковлев А. В.. 1С:Академия ERP. Автоматизация раздельного учета. – 1С-Паблишинг, 2020. – 254 с.
4. <https://www.netsuite.com/portal/resource/articles/accounting/accounting-challenges.shtml>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Қаратаева Нарғыз Оразқызы

karatayevanrgz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, «Экономика» факультеті,
«Мемлекеттік аудит» мамандығының 2курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Б.Кайранбеков

Аңдатпа. Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесі елдің әлеуметтік инфрақұрылымының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Ол халыққа медициналық қызметтердің кең спектрін ұсынады және азаматтардың денсаулығын сақтауда шешуші рөл атқарады. Аңдатпа Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесінің негізгі аспектілерін сипаттауға бағытталған. Ол денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру мен қаржыландыруды, сондай-ақ халыққа көрсетілетін негізгі медициналық қызметтерді талқылайды.

Кілт сөздер: Денсаулық сақтау, медициналық көмек, білім саласы, жалақы.

Халықтың тұрмыс жағдайы мен қауіпсіздіктің оңтайлы деңгейін қамтамасыз етуге

бағытталған халықтың өмір сүру салтының және дәстүрінің түрлі факторларына негізделген елдің маңызды экономикалық және әлеуметтік әлеуеті – қоғам деңсаулығы болып табылады. Кәзіргі таңда қоғам деңсаулығы ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторларының бірі болып табылады. Себебі елдің және халықтың болашағы осы факторға негізделген.


Бәрімізге белгілі, тәуелсіздік алған жылдары еліміздегі деңсаулық сақтау жүйесі күрделі экономикалық және әлеуметтік факторлаға тап болды. Сол жылдары деңсаулық сақтау жағдайы қаржының, материалдық және кадрлық ресурстардың тапшылығы кезеңінде қалыптасқандықтан нашар көрсеткіштер көрсетті. Осы көрсеткіштерге негізделе отырып деңсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында қажетті нормативтік-құқықтық актілер қабылданып осы саланы дамытуға негізделген бағдарламалар қалыптаса бастады. Осының арқасында кәзіргі кезде Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласы ең маңызды салалардың бірі болып табылады, және осы саланы дамыту мақсатында әр жыл сайын қаражат бөлінуде.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының деңсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері:

1. Бюджет қаражаты
2. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері
3. Ерікті медициналық сақтандыру қаражаты
4. Ақылы қызметтер көрсеткені үшін алынған қаражат
5. Бірлесіп төлеуден алынған қаражат
7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жеке тұрғалардың біржолғы зейнетақы төлемдері
8. Жеке және заңды тұлғалардан ерікті қайырылымдықтар ретінде түскен қаражат
9. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері болып табылады.

Ағымдағы денсаулық сақтау ұйымыдарының кірісі есеп мәліметі бойынша 2905,0 млрд. теңгені құрады, соның ішінде ауруханалар кіріс үлесі – 1583,1 млрд. теңге (54,5%), жалпы дәрігерлік тәжірибесі – 474,9 млрд. теңге (16,3%), адамның денсаулығын сақтау бойынша басқа қызметтер – 424,8 млрд. теңге (14,6%), арнайы дәрігерлік тәжірибесі – 161,6 млрд. теңге (5,6%), стоматологиялық қызмет – 129,8 млрд. теңге 4,5%, әлеуметтік қызмет көрсету - 130,8 млрд. теңге (4,5%) құрады. 2022 жылғы денсаулық сақтау ұйымдарының ағымдағы шығыны 2876,8 млрд. теңгеі, жұмыс күшін ұстауға жұмсалған шығынның жалпы сомасы ең үлкен үлес салмағын құрады, олардың көлемі 1527,7 млрд. теңге (53,1%) және алынған қызметтер бойынша шығындар -360,1 млрд. теңге (12,5%) құрады. Қалған шығыстар - 988,7 млрд. теңге (34,4%) құрады.

Келесі суретте 2022 ж Облыстардағы табыстар және шығыстар динамикасы берілген.




Сурет 1. 2022 ж Облыстардағы табыстар және шығыстар динамикасы

Медициналық көмек түрлерінің бірі – санаториялық ұйымдарда адамдардың уақытша

болу жағдайында жүзеге асырылатын санаториялық-курорттық емдеу болып табылады. Қазіргі уақытта медициналық емдеудің бұл түрі өзінің даму сатысында өз көрінісін табуда. 2021 жылы реабилитациялық емдеу және медициналық оңалту ұйымдарының жалпы саны 162, ал 2022 жылы олардың жалпы саны 172 құраған.

Келесі суретте Қазақстан Республикасындағы 2021-2022 жылдарға арналған санаториялық-курорттық қызмет мәліметтері келтірілген.



Сурет 2. Қазақстан Республикасындағы 2021-2022 жылдарға арналған санаториялық-курорттық қызмет

Қазіргі кезде Қазақстанда орын алғын пандемиядан кейін медициналық білім беру саласында айтарлықтай көп назар аударылғын.

Жыл сайын республикалық комиссия Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары үшін мамандықтар бойынша білім беру гранттарын алқалы түрде бөледі.

Мәселен, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына "Денсаулық сақтау" бағыты бойынша жыл сайын мемлекеттік тапсырысты бөлу көзделеді:

- бакалавриат – 2700
- резидентура – 1500
- магистратура – 325
- докторантура – 160 орын.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2020 жылғы 1 қыркүйектегі тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңімен ұлғайту жүргізілуде.

Жалақының өсуі 74 мыңнан астам дәрігерге әсер етті, қамту 100% құрады.

Кесте-1. Денсаулық сақтау саласы қызметкерлердің орташа жалақысы

Жыл	Дәрігердің орташа жалақысы	Орта медициналық персоналдың орташа жалақысы
2020	189,3 мың	120,5 мың
2021	320 мың	173,5 мың
2022	415,9 мың	208 мың

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесі соңғы онжылдықтарда айтарлықтай даму жолын жасады.

Алайда, жетістіктерге қарамастан, денсаулық сақтау жүйесінде әлі де күш-жігерді қажет ететін кейбір мәселелер мен қиындықтар бар. Денсаулық сақтауды қаржыландырудың төмен деңгейі, қалалар мен ауылдық жерлер арасында медициналық ресурстардың біркелкі бөлінбеуі, білікті мамандардың жетіспеушілігі Денсаулық сақтау жүйесінің мүмкіндіктерін шектейді.

Мемлекеттің, медициналық қоғамдастықтың және тұтастай алғанда Қоғамның бірлескен күш-жігерімен ғана Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау жүйесін дамытуда табысқа қол жеткізілетін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.2022 жылғы Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі туралы. [2022ж. Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі туралы.pdf \(stat.gov.kz\)](#)

2.ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы 67-бап. Денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері. https://kodeksy-kz.com/o_zdorove_naroda_i_sisteme_zdravoohraneniya/67.htm

3.Обзор казахстанской системы здравоохранения: итоги 2021 года [Обзор казахстанской системы здравоохранения: итоги 2021 года - Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан \(primeminister.kz\)](#)

4.Қазақстан Республикасындағы санаториялық-курорттық қызмет (2022ж.) [2022ж. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы \(stat.gov.kz\)](#)

5.Қазақстан Республикасындағы санаториялық-курорттық қызмет (2021ж.) [Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы \(stat.gov.kz\)](#)

УДК 1082

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫ ДАМУЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТЕХНОПАРКТЕРДІҢ РӨЛІ

Куанышбаева Айнур Мухаматдиновна

adilbay.amina@inbox.ru

Еуразия Технологиялық Университетінің «Қаржы және басқару технологиялары» мектебінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - э.ғ.к., Г.А. Пернеева

Еуразия Технологиялық Университеті, Алматы, Қазақстан

Технопарк – бұл менің ойымша ғылыми зерттеу негізінде бизнес орталықтарының құрылуы. Жоғары оқу орындар негізінде немесе ғылыми-зерттеу институттар негізінде бұл ЖОО ғылыми потенциалын өңделген технологиялар арқылы шағын инновациялық кәсіпорындар территориясында орналасатын технопарктерді дамыту үшін ұйымдастырылатын құрылымдар технопарктер үлкен университетті орталықтарда жасалады.

Технопарктерді құру еліміздегі бизнестің дамуы мен қалыптасуына әсерін тигізеді. Бизнесті дамыту елдің инновациялық инфрақұрылымын дамыту мен елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуын жүзеге асырады.

Осыған орай елімізде ірі, орта және шағын бизнесті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып, халықтың жұмыссыз бөлігін жұмыспен қамту мәселесі шешіліп жатыр.

Қазақстанда технопарктерді енгізу мен жұмыс істету мынадай ерекшеліктерге ие болатын қазіргі заманғы еуропалық модель бойынша жүзеге асырылатын болады:

- онда шағын кәсіпкерлік субъектілерін орналастыруға арналған ғимараттардың болуы,
- бұл ұжымдық қызметтің барлық артықшылықты жүйелерін пайдаланатын жаңа шағын және орта инновациялық кәсіпорындардың үлкен бөлігін қалыптастыруға ықпал етеді;

- инноваторлар үшін қажетті сервистік пакетті (бухгалтерлердің, маркетингтердің және т.б. қызметі) қалыптастыратын ұйымдардан тандап алынатын қызмет көрсету жүйесі).[1].

Технопарктерді құру мен дамытудың ағымдағы тұжырымдамасына кейбір өзгерістер енгізген жөн. Технопаркті оның аумағына технологиялық бизнес-инкубаторларды, ғылыми және білім беру ұйымдарын міндетті түрде орналастыра отырып, шектеулі аумақ ретінде айқындау барынша орында болып табылады. Жергілікті атқарушы органдар технопарктерді құру үшін жер учаскелерін беретін болады және барлық инновациялық қызметке